



САПАР

ҚР Энергетика вице-министрі АМӨЗ-ге келді

Энергетика вице-министріне зауыттың өндірістік жетістіктері мен даму жоспары таныстырылды

2026 жылдың 21 қаңтарында Атырау мұнай өңдеу зауытына жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі Қайырхан ТҰТҚЫШБАЕВ келді. Кәсіпорын басшылығымен өткен жиналыста 2025 жылғы өндірістік бағдарламаның қорытындылары, қаржылық-экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер қаралды. Ағымдағы жұмыстар мен өндірістік процестерді оңтайландыру жобалары да талқыланды.

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Қуаныш БИШІМОВ вице-министрді кәсіпорынның өткен жылдағы қызметінің негізгі нәтижелерімен таныстырды. Атап айтқанда зауыт 2025 жылы 5,47 млн тоннадан астам шикі мұнай өңдеді. Бұл жоспарланған көрсеткіштен 71 мың тоннаға артық. Тауарлық өнімнің жалпы көлемі 4,94 млн тоннаны құрады, оның ішінде: автобензиндер – 1,79 млн тонна (2024 жылғы көрсеткіштен 142 мың тоннаға артық), дизель отыны – 1,91 млн тонна (2024 жылғы көрсеткіштен 256 мың тоннаға артық), сұйытылған мұнай газы – шамамен 229 мың тонна (2024 жылмен салыстырғанда 16 мың тоннаға өсті), авиаотын – 172 мың тонна (2025 жылғы жоспарланған көрсеткіштен 20 мың тоннаға артық).

Кәсіпорында жабдықтардың сенімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Дірілдік және акустикалық-эмиссиялық диагностика, коррозияны

мониторингілеу, инспекцияларды басқару және негізгі себептерді талдау (RCA) бойынша цифрлық жүйелерді енгізу нәтижесінде құрылғылардың ақауы азайып, жабдықтардың сенімділік коэффициенті 92,78%-ға дейін артты. 2025 жылы предиктивтік (болжамдық) аналитика бойынша пилоттық жобалар іске асырылды. Алынған нәтижелердің негізінде 2026 жылы предиктивтік аналитика жүйесін толық енгізу жоспарлануда.

Атырау мұнай өңдеу зауыты өңірдің және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді. Өткен жылы компанияның салық төлемдері 196 млрд теңгеге дейін өсті. Оның 23 млрд теңгесі республикалық, ал 173 млрд теңгесі Атырау қаласының бюджетіне тиесілі.

Кездесу барысында мұнай өңдеу көлемін жылына 6,7 млн тоннаға дейін арттыруды және өндіріс тиімділігін жоғарылатуды көздейтін кеңейту жобаларының іске асырылу барысы туралы ақпарат айтылды. Қазір зауытта қолданыстағы автоматтандырылған тактілік құю қондырғысында (АТҚҚ) жаңа сорғы стансасын салу жұмыстарына белсенді дайындық жүргізілуде. Жоба газдану қаупін айтарлықтай төмендетеді, атмосфераға көмірсутек буларының шығарылуын болдырмайды және қоршаған ортаға жүктемені азайтады. Жаңғырту нәтижесінде АТҚҚ арқылы мұнай өнімдерін жөнелтуді тәулігіне 12,4 мың тоннаға ұлғайту және көмірсутек шығарындыларын жылына 6 мың тоннаға дейін қысқарту жоспарланып отыр.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

Мажилис:
диалог о развитии и экологии



Таланттылар марапатталды

ҚР Энергетика вице-министрі АМӨЗ-ге келді



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сапар аясында вице-министр каталитикалық крекинг, баяу кокстеу және Pargamax технологиялық қондырғыларының өндіріс орындарын аралап, ағынды суларды тазарту нысандарының жұмысын тексерді. Кездесуді қорытындылай келе Қ. Тұтқышбаев стратегиялық жобаларды жүзеге асыруда

Энергетика министрлігі мен Атырау МӨЗ-дің бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Ол зауыттың энергетикалық қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз ету және жасанды интеллект базасындағы шешімдерді өндірістік процестерге тиімді түрде енгізу бойынша тапсырмалар берді. Сонымен қатар, вице-министр өзекті мәселелерді шешуде кәсіпорынға көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.

ЗАУЫТ МАҚТАНЫШЫ

Кәсіби шеберлік пен адал еңбектің жемісі

Энергетика – кез келген өндірістің күретаымыры. Осы салада талмай еңбек етіп, кәсіпорынның алға басуына үлес қосып жүрген мамандардың жөні бөлек. Жақында зауытымызда Энергетиктер күніне және Жұмысшы мамандықтар жылына орай, көпжылдық еңбегімен дараланған маманымыз марапат биігінен көрінді.

Зауытымыздың энергия ресурстарын есепке алу және бөлу жөніндегі жетекші инженері **Айнұр ЖҰМАҒАЗИЕВА** «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Мәртебелі марапатты зауыт директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары **Сәлімжан НАҚПАЕВ** салтанатты түрде табыстап, Айнұр Сапарқызының кәсіби біліктілігіне жоғары баға берді.

Айнұр Сапарқызы кәсіпорындағы еңбек жолын 2006 жылы бастаған. 20 жылдың ішінде өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқара білді. Энергия ресурстарын есептеу - асқан дәлдікті қажет

ететін сала. Оның әрбір есебі мен талдауы зауыттың үнемді әрі тиімді жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді.

Марапат иесі өз жұмысына деген сүйіспеншілігі мен көзқарасы туралы былай дейді: «Мен үшін бұл марапат – үлкен жауапкершілік пен мәртебе. 2006 жылдан бері осы қара шаңырақта еңбек етіп келе жатқанымды мақтан етемін. Энергетика саласы қателікті кешірмейді. Сондықтан әрбір көрсеткішке, әрбір цифрға үлкен жауапкершілікпен қараймын. Өз ісінді сүйу – сол істің нәтижесін көру. Зауытымыздың гүлденуіне титтей де болсын үлесімді қосып жатқанымды сезіну



маған күш береді. Менің еңбегімді елестерген басшылыққа және ұжымыма алғысым шексіз».

Біз де өз тарапымыздан Айнұр Сапарқызын лайықты марапатымен құттықтаймыз.

ЕҢБЕК АРДАГЕРІ

«Зауытпен бірге өстім, зауытпен бірге есейдім...»

Атырау мұнай өңдеу зауытының жылнамасында әр қызметкердің өз қолтаңбасы бар. Солардың ішінде адал еңбегімен, табандылығымен дараланған жандар аз емес. Кезекті мақаламыз Баян БИСЕМБАЕВА туралы болмақ. Бүгінде ол саналы ғұмырының отыз жылдан астам уақытын арнаған қара шаңырақпен қоштасып, құрметті демалысқа шықты.

1992 жыл. Бойжеткен Баянның бала күнгі «мұнайшы болсам» деген арманы Атырау мұнай өңдеу зауытына жетелеп әкелді. Ол еңбек жолын №4 цехта есептеу операторы болып бастады. Сол уақытта өндірістегі ахуал бүгінгідей емес еді. Автоматтандырылған жүйелер мен цифрлы технологиялар жоқ, әрбір есеп пен дерек оператордың мұқияттылығы мен табандылығын талап ететін.

– Жастықтың жалынымен келдім. Мен жұмысқа кіріскен кезде қазіргідей заманауи техника болаан жоқ. Барлығы қолмен, қағазбен атқарылатын. Бірақ соған қарамастан жұмысқа деген құлшынысым

ерекше болды. Қиындығы көп болса да, бәрі қызық еді. Зауыттың ескі келбетін де, бүгінгі жаңарған кейпін де көрдім. Екі дәуірде еңбек ету бақыты бұйырды. Технология өзгергенімен, жұмысқа деген қызығушылығым ешқашан сөнген емес. Зауытпен бірге өстім, зауытпен бірге есейдім, – дейді ол өткен күндерін жылылықпен еске алып.

Баян Бисембаева үшін зауыт – жай ғана жұмыс орны емес, өмірінің ажырамас бөлігі, екінші үйі. Ол кәсіпорынның дамуы мен жаңғыруының барлық кезеңіне куә болды. Соңғы жылдары шикізат паркінің 41-сөрғы станциясында машинист болып қызмет

атқарса да, жауапкершілігі мен еңбекке деген адалдығынан бір жаңылған емес. Еңбек жолында Борис Александрович, Мәрат Каримов, Қайрат Оразбаев, Ерсайын Жарбосынов сынды білікті басшылардан тәлім алып, олармен иық тіресе жұмыс істеуді зор мақтанышпен айтады. Басты бағдар өкemenің тәрбиесі еді деп еске алады кейіпкеріміз.

– Әкеміз «біреудің ала жібін аттама» деп үнемі айтып отыратын. Сол сөзді өмірлік қағидама айналдырдым. Қандай қиындық болса да, адалдықтан айнымадым. Соның арқасында бүгін басымды тік ұстап, зейнетке шығып барамын, – дейді ол.

Баян Бисембаеваның айтуынша, адамды алға жетелейтін ең үлкен күш – өзіңнің ұжымға керек екенінді сезіну.

– Таңертең ұйқыдан тұрғанда сені күтіп отырған ұжымның барың мойныңда жауапты істің тұрғанын сезіну үлкен бақыт. Сол сезім бізді шаршапай, алға жетеледі, – дейді ол.



Зейнетке шығар алдындағы сұхбатында еңбек ардагерінің көзіне жас үйірлді. Бұл – өмірінің ең жарқын сәттері өткен зауытқа деген қимастықтың белгісі еді. Ол өзіне сенім артып, қанаттандырған ұжымына, басшылыққа және барша әріптестеріне шексіз алғысын білдірді.

Біз де Баян Бисембаеваны құрметті демалысымен шын жүректен құттықтаймыз! Саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған еңбек ардагеріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына бақ-береке тілейміз.

ВИЗИТЫ

Мажилис: диалог о развитии и экологии

9 января Атырауский нефтеперерабатывающий завод посетила рабочая группа по внесению изменений в экологическое законодательство. Визит носил ознакомительный характер и был направлен на получение объективного представления о работе предприятия, его технологических возможностях и экологических практиках в контексте обсуждения изменений в экологическое законодательство.



В состав делегации вошли представители профильных отраслевых структур: депутат **Мажилиса Парламента Казахстана Ажар САГАНДЫКОВА**, директор департамента экологического регулирования Ассоциации **KAZENERGY Айслу ДОСАНОВА** и главный специалист управления декарбонизации и экологии АО НК «Каз-МунайГаз» **Гульвира БАКЫТ-КЫЗЫ**. В ходе визита гости побывали на ключевых производственных объектах АНПЗ, ознакомились с основными технологическими процессами и получили разъяснения специалистов предприятия по реализуемым экологическим проектам, перспективам развития и вопросам взаимодействия с общественностью. По мере осмотра объектов участники рабочей группы задавали вопросы, в том числе касающиеся предлагаемых изменений в экологическое законодательство и их практического применения на промышленных предприятиях. Отдельное внимание было уделено автоматизированной системе мониторинга эмиссий, установленной на четырёх технологических объектах завода. Система обеспечивает непрерывный контроль выбросов и передачу данных в режиме реального времени в контролирующие органы, являясь важным элементом политики прозрачности и открытости.

Обсуждались вопросы текущей загрузки завода и перспективы развития. Руководство АНПЗ отметило, что предприятие работает на максимальных мощностях: первичные установки загружены на 100%, а дальнейший рост переработки до 6,7 млн тонн в год в горизонте до 2030 года планируется обеспечить за счёт более глубокой переработки сырья и использования вторичных установок.

В ходе диалога поднимались и технологические аспекты, связан-

ные с переработкой различных видов нефти. Представители завода пояснили, что АНПЗ в основном перерабатывает мангышлакскую нефть, под параметры которой настроены вторичные установки и катализаторы. Смена сырьевой базы возможна, однако потребует серьёзной подготовки и дополнительной модернизации оборудования.

Обсуждение затронуло и вопросы, вызывающие широкий общественный интерес, в том числе механизмы формирования цен на моторное топливо. Специалисты АНПЗ разъяснили особенности действующей в стране давальческой схемы переработки и подчеркнули, что при существующей модели цена топлива на внутреннем рынке не имеет прямой зависимости от мировых котировок нефти.

Отдельный блок разговора был посвящён экологической повестке. Ажар Сагандыкова отметила значительный объём работ, выполненных на АНПЗ по модернизации производства и внедрению «зелёных» технологий, подчеркнув при этом, что при рассмотрении любых изменений в Экологический кодекс приоритетом должна оставаться безопасность людей. В качестве примера системной работы были приведены результаты экологических мероприятий: в 2020 – 2025 годах завод сократил выбросы загрязняющих веществ в атмосферу на 22%, а в период 2026 – 2030 годов планирует дальнейшее снижение ещё на 20%.

Ознакомительный визит стал площадкой для открытого профессионального диалога между законодателями и промышленниками. АНПЗ подтвердил готовность к обсуждению инициатив в сфере экологии и промышленного регулирования, продолжая развитие предприятия в интересах региона и страны.

ЮБИЛЕЙ

Галимжан АМАНТУРЛИН:

«ВСЯ МОЯ ЖИЗНЬ – В РИТМЕ ЗАВОДА»

В этом году 70-летний юбилей отмечает человек-легенда Атырауского нефтеперерабатывающего завода – Галимжан Жиршибекович Амантурлин. Пройдя путь от рядового оператора до генерального директора, а ныне возглавляя профсоюзный комитет, он стал живым воплощением истории предприятия. О выборе судьбы, эпохе большой модернизации и о том, почему завод всегда был для него на первом месте, – в нашем праздничном материале.



Руководство и коллектив завода поздравили Галимжана Амантурлина с 70-летним юбилеем. Генеральный директор К. Бишимов поблагодарил ветерана за неоценимый вклад в развитие предприятия.

СЧАСТЛИВЫЙ СЛУЧАЙ И «4-Й РАЗРЯД»

Его путь на АНПЗ начался в 1976 году почти случайно, но, как показало время, это была судьба. Вернувшись из армии, молодой Галимжан уже планировал идти на химический завод, где ему обещали место оператора 3-го разряда.

«Буквально через пару дней после возвращения я встретил одноклассника, – вспоминает юбиляр. – Он и уговорил: «Зачем тебе химзавод? На АНПЗ меня берут по 4-му разряду, пойдем со мной!». Я подумал: «4-й разряд ведь лучше 3-го», и это решило всё».

Так началась трудовая биография Галимжана Жиршибековича. Первые шесть лет он проработал товарным оператором в 3-м цехе. Это была самая нижняя ступень карьерной лестницы, которая стала прочным фундаментом для будущего руководителя.

ВЫХОД ИЗ «ЗОНЫ КОМФОРТА»

Важным уроком в жизни Галимжан Жиршибекович считает момент своего назначения на руководящую должность. К 30 годам он был опытным старшим оператором 6-го разряда: хорошая зарплата, понятные задачи, стабильность. Даже успевал заниматься подсобным хозяйством, выращивая овощи на продажу.

– Мне предложили должность заместителя начальника цеха, и сначала я не хотел соглашаться – слишком привык к прежней жизни. Но внутри промелькнула мысль: «Я ведь учился не зря». Я решил, и это стало главным уроком: чтобы достичь вершин, нужно иметь смелость выйти из зоны комфорта, – вспоминает он.

ДИРЕКТОР В ЭПОХУ ПЕРЕМЕН

Галимжан Амантурлин возглавил завод в сложнейшем 1999 году. Это было время исторического падения цен на нефть и критического состояния самого предприятия. 27 объектов завода находились под запретом технадзора – официально работать было нельзя, но

останавливать производство – еще опаснее.

– Многие говорили: «Проще снести этот завод и построить новый в другом месте». Но мы рискнули начать масштабную модернизацию. Первый этап был самым тяжелым: строить новые установки прямо на территории действующего завода, не останавливая производство ни на минуту. Это требовало колоссального напряжения сил всего коллектива, – рассказывает Г. Амантурлин.

Благодаря его воле и поддержке руководства страны, завод не просто выжил, а преобразился. Были привлечены огромные инвестиции, внедрена цифровизация, а предприятие стало одним из главных «доноров» областного бюджета.

ЗАВОД КАК «ПЕРВЫЙ ДОМ»

Для Галимжана Жиршибековича завод никогда не был просто местом работы.

– Завод дал мне всё. Даже в семье мои обязанности часто ограничивались тем, чтобы отвезти детей в садик – всё остальное время я пропадал на производстве. Завод стал для меня даже не вторым, а первым домом, – говорит Г. Амантурлин.

Сегодня, работая председателем профкома, он продолжает жить интересами коллектива. Для него 70 лет – это не время подводить итоги, а просто еще один год в кругу родного коллектива.

СЛОВО ЮБИЛЯРУ

– Я не считаю награды и не спешу отчитываться перед историей. Жизнь измеряется не цифрами в паспорте, а тем, что мы оставили после себя. Я до сих пор с трепетом жду каждой новости с производства и радуюсь успехам нынешнего поколения нефтепереработчиков, – делится своими эмоциями Галимжан Амантурлин.

А мы, коллектив АНПЗ, поздравляем Галимжана Жиршибековича с юбилеем и желаем крепкого здоровья, неиссякаемой энергии и долгих лет жизни.



Зауыт шеберлері мен қылқалам иелері марапатталды

Зауытымызда еңбек пен шығармашылықты ұштастырған «Суретшілер мен қолөнершілер» байқауы мәресіне жетті. Бір ай бойы (19 қараша – 19 желтоқсан) кәсіпорын жұмысшылары өздерінің қолөнер туындылары мен суреттерін ұсынып, өнердегі шеберліктерін көрсетті.



Байқауға барлығы 33 жұмыс ұсынылды. Шығармашылық сайыс «Менің зауытым – менің мақтанышым», «Жұмысшы мамандықтар жылы» және «Қуатты өлке» атты терең мағыналы тақырыптарды қамтыды. Әрбір жұмыс зауыт тынысы мен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті айқын көрсете алды.

Үздіктерді анықтау үшін құрамында білікті мамандар бар арнайы комиссия жұмыс істеді. Комиссия төрағасы – Бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев болды.

Комиссия шешімімен екі бағыт бойынша үздік шыққан қызметкерлер қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды:

«Қолөнершілер» санаты: **Болат Мұхамбетов**, технологиялық сорғылар машинисі (Кокс және күкірт өндірісі), **I орын**; **Ілияс Досмағамбетов**, технологиялық қондырғы операторы (Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісі), **II орын**; **Диана Кенжеғараева**, химиялық талдау зертханашысы (Жылу және электр энергиясын өндіру өндірісі), **III орын**.

«Суретшілер» санаты: **Айбек Сакембаев**, эстакада операторы (Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау), **I орын**; **Гүлжан Альмуханова**,

Орталық зауыт зертханасы сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы, **II орын; Дана Серік**, Орталық зауыт зертханасы сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы, **III орын.**

ЫНТАЛАНДЫРУ СЫЙЛЫҚТАРЫ

Байқауға белсене қатысып, ерекше өнер көрсеткен 5 қатысушыға 16 000 теңге көлемінде ақшалай ынталандыру сыйлығы берілді: **Виктория Богданова**, бас механик бөлімінің инженері (Өндірістік активтердің ЖТҚЖ басқару жөніндегі департаменті); **Мәдина Арыстанова**, Орталық зауыт зертханасы сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы; **Нұршат Нәдірбай**, Орталық зауыт зертханасы сынақ орталығының химиялық талдау зертханашысы; **Карина Кинжеева**, Біріктірілген менеджмент жүйесінің ішкі бақылау жөніндегі жетекші маманы; **Анел Шайқамалова**, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің басшысы (Орталық аппарат).

Бүліс-шаразауыт жұмысшыларының тек өз ісінің кәсіби маманы ғана емес, сонымен қатар жан-жақты талант иесі екенін дәлелдеді. Барлық жеңімпазды жарқын жеңістерімен құттықтаймыз.



ХАБАРЛАНДЫРУ



Құрметті зауыттықтар!

**«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры (Басқарма төрағасы)
Қуаныш БИШІМОВТЫҢ еңбек ұжымымен 2025
жылдың қорытындысы бойынша есептік кездесуі
2026 жылдың 27 ақпанда өтеді.**

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые заводчане!

Отчетная встреча генерального директора (председателя Правления) ТОО «АНПЗ» Куаныша БИШИМОВА с трудовым коллективом по итогам 2025 года состоится 27 февраля.



«AMOZ aleмі» басылымы №2.
30 қаңтар 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4589.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ж. Темірғалиев.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – Ж. Бисенова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18VPY00088072
күшіне берілген.

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.